Шәкен Айымовтың 100 жылдығына арналған

Республикалық балалар өнерінің фестивалін(кино) өткізу туралы

АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының 2014 жылғы 30 сәуірдегі №33 «Республикалық балалар өнерінің фестивалін (кино) өткізу туралы» бұйрығын орындау мақсатында Алматы қаласында 2014 жылғы 25-28 маусымда Т.Жүргенов атындағыҚазақ ұлттық өнер академиясының мектеп-интернат, колледжінің базасында қазақ киносының негізін қалаушы Шәкен Айымовтың 100 жылдығына арналған **Республикалық балалар өнерінің фестивалі(кино)** өткізілді.

Фестивальдың мақсаты мен міндеттері: балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту үшін қажетті жағдай жасау; конкурс номинацияларының кең шоғыры арқылы бейнефильмдер әзірлеуші жас операторлар мен режиссерлердің шеберліктерін арттыру; балалардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін дамыту, олардың ой-өрісін кеңейту, қарым-қатынасын, шыдамдылығын және ынтымақтастығын нығайту.

Фестивальға еліміздің 13 облысынан, Астана және Алматы қалаларынан балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық киностудиялар ұжымдарының үздік өкілдері, балалар фильмдерінің авторлары – 12-16 жастағы білім алушылар (64 оқушы) және олардың жетекшілері (16 педагог) қатысты.

Фестивальдың бағдарламасына сәйкес 4 номинация бойынша: «Ойын фильмі»; «Анимациялық фильм»; «Музыкалық фильм»; «Әлеуметтік ролик» балалардың шығармашылық жұмыстарының(көрсетілім ұзақтығы 5 минутқа дейін) конкурсы өтті.

Фестивальға ұсынылған жұмыстар тақырыбы және материалды ұсыну тәсілдері бойынша әр түрлі. Жас кинематографистерді қоршаған ортаны қорғау, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жол жүру қауіпсіздігі, қайырымдылық пен қамқорлық, балалар мен педагогтердің қарым-қатынасы, еліміздің тарихы және ертеңі толғандырады. Әрбір фильм қатысушыларды жер бетінде тіршілік ету қуанышына бөлейді.

Конкурстық жұмыстарды отандық журналистика, телевизия және кино саласының көрнекті қызметкерлері қатарынан құрылған қазылар алқасы бағалады. Қазылар алқасының құрамы:**Абильдина Ғайнижамал Байкәрімқызы,** кинотеледраматург-режиссер, Т.Жүргенов атындағыҚазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, экран шебері, қазылар алқасының төрайымы; **Манабай Дамир Кабикейұлы,** кинорежиссер, Т.Жүргенов атындағыҚазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, халықаралық кинофестивальдарының лауреаты, қазылар алқасының мүшесі; **Соловьева МаргаритаВладимировна,** кинодраматург, Т.Жүргенов атындағыҚазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, қазылар алқасының мүшесі; **Өмірзақов Алтынбек,** Қазақстан кинематографистер одағының мүшесі, суретші, режиссер, Т.Жүргенов атындағыҚазақ ұлттық өнер академиясы

колледжі оқытушысы; **Намазбеков Нұрбақыт Қожахметұлы,** Қазақстан кинематографистер одағының мүшесі, Т.Жүргенов атындағыҚазақ ұлттық өнер академиясының «Анимация режиссурасы» кафедрасының меңгерушісі, қазылар алқасының мүшесі.

Қазылар алқасы 26 жеңімпазды анықтады: «Анимациялық фильм» номинациясы бойынша – 7; «Әлеуметтік роликтер» номинациясы бойынша – 7; «Музыкалық фильм» номинациясы бойынша –7; «Ойын фильмі» номинациясы бойынша – 5.

Астана қаласы Оқушылар сарайы, Павлодар қаласы Облыстық Оқушылар сарайы, Шымкент қаласы Балалар мен жасөспірімдер орталығы, Жамбыл облысы «Үміт» Балалар мен жасөспірімдердің сарайы, Қызылорда облысы Спорт және өнер орталығының балалар шығармашылық бірлестігінің білім алушылары ұсынған жұмыстардың деңгейі жоғары бағаланды.

Аталған ұжымдардың шығармашылық жұмыстары конкурстың талаптарына сай, мазмұны, көрсетілім стилі, жасау техникасы ерекше.

Қазылар алқасының шешімімен Республикалық балалардың кинофестивалінің жеңімпаздары төмендегідей анықталды:

Номинация:«Анимациялық фильм»

Бас жүлде – Абдурахманов Нуржан, 15 жас, Түнгі ертегі, Астана қаласы, педагогы Сабыр Абдыкадыр.

I орын – Белецкая Ольга, 14 жас, «Лесная сказка», Қостанай облысы, педагогы Пожар Наталья Николаевна.

II орын – Тугелбай Алия, 12 жас, «Белый сайгак», Оңтүстік Қазақстан облысы, педагогы Жаримбетов Максут Махамбеталиевич.

II орын – Жолдасбек Азамат, 11 жас, «Табиғатты аялайық», Жамбыл облысы, педагогыТульчиков Малик Эсанбекович.

III орын – Сайфуллин Саит, Аманжанов Асылжан, 16 жас, «Сказки о животных», Қарағанды облысы, педагогы Волынская Оксана Станиславовна.

III орын – Қалдыбай Данияр, 14 жас,«Түлкі мен қоян», Қызылорда облысы, педагогы Ақнұр Есекеева.

III орын – Бақтияр Бағдаулет, 16 жас, «Адалжүректі дос», Қызылорда облысы, педагогы Ақнұр Есекеева.

Номинация:«Әлеуметтік ролик»

Бас жүлде – Ахмет Ануар, 16 жас, «Спорт – сенің серігің», Жамбыл облысы, педагогы Абышева Динара Бодонқызы.

I орын – Зеляк Анна, 13 лет, «Одиночество пожилых», Акмолинская область, педагог Карначева Юлия Александровна.

II орын – Жарқын Оразбек, 14 жас, «Қарттарымызды қадірлейік», Атырау облысы, педагогы Қапизова Райхан Ғазизқызы.

II орын – Жолдасов Дастан, 11 жас, «Нашақорлықсыз болашақ», Атырау облысы, педагогы Дүйсенова Айнұр.

III орын – Дауренбек Мақсат, 15 жас, «Жетімдер тағдыры», Қызылорда облысы, педагогы Рахымов Әлібек Сұлтанбекұлы.

ІІІ орын – Острецов Камиль, 16 жас, Эх, дороги..., Ақмола облысы, педагогы Кожина Гульнар Камаевна.

ІІІ орын – Құдайбергенова Айдана, Сансызбай Азамат, Жақыпова Аршат, Амин Ибраһим, ұжымдық жұмыс: «Жаныңда жүр жақсы адам», Ақтөбе облысы, педагогы Мәдемуханова Ләззат Төлегенқызы.

Номинация:«Музыкалық фильм»

Бас жүлде – Бекмырза Алдияр, 15 жас, «Стану взрослой», Павлодар облысы, Даирбаев Даулет Бейсембайұлы.

І орын – Ысқақ Алтынбек, 15 жас, «Есіңде ме...», Қызылорда облысы, педагогы Текеева Мафуза Бақиқызы.

ІІ орын – Ыбырайым Нұрбол, 16 жас, «Алло, біз таланттыларды іздейміз», Алматы облысы, педагогы Абдыкаимова Айгерим.

ІІ орын – Рамазан Боранбай, 16 жас, «Картинг клуб», Оңтүстік Қазақстан облысы, педагогы Жарымбетов Максут Махамбеталиевич.

ІІІ орын – Жаксылык Арман, 15 жас, «Өнерлі балғын», Маңғыстау облысы, педагогы Наурызгалиева Альфия Өсербайқызы.

ІІІ орын – Темирбекова Айгерим, 15 жас, «ВПК «Томирис», Оңтүстік Қазақстан облысы, педагогы Жарымбетов Максут Махамбеталиевич.

ІІІ орын – Кайрбеков Дидар, 15 жас, «Науалы – алтын бесігім», Шығыс Қазақстан облысы, педагогы Толеубекова Фарида Джаимбаевна.

Номинация: «Ойын фильмі»

Бас жүлде – Жұмағұлов Азамат, 12 жас, «Қазір, апа, қазір», Астана қаласы, педагогы Смағұлова Гүлнар Жақыпқызы.

І орын – Ильясов Данияр, 16 жас, «Спор», Павлодар облысы, педагогы Даирбаев Даулет Бейсембайұлы.

ІІ орын – Өтеулі Шерхан, 16 жас, «Қайдасың Көкшолақ», Қызылорда облысы, педагогы Есмаханов Қуаныш Алпамысұлы.

ІІ орын – Хакимзянова Айгул, 15 жас, «Будь внимателен на дороге», Ақмола облысы, педагогы Мартынова Наталья Евгеньевна.

ІІІ орын – Мәді Ержан, 16 жас, «Ұлттық ойын асық ату», Қызылорда облысы, педагогы Әбиев Еркін Жетербайұлы.

Барлық жеңімпаздар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының арнайы дипломдарымен, бағалы сыйлықтармен, жеңімпаздарды дайындағын педагогтер Мақтау қағазымен марапатталды. Фестивальдың барлық қатысушыларына Сертификаттар табыс етілді.

Фестивальдың салтанатты ашылу және жабылу рәсіміне Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының директоры Шер Раиса Петровна, режиссер Болат Нусипбеков, Шәкен Айманов туралы деректі фильмнің сценарийін жазған НұргүлТүсіпбекова, Т.Жүргенов атындағыҚазақ ұлттық өнер академиясының ректорының міндетін атқарушы Алданбергенова Гаухар Төремұратқызы, Шәкен Аймановтың немересі – Дина Айманова, келіні – Ирина Айманова, сонымен қатар Алматы қаласының қосымша білім беру

ұйымдарының балалар шығармашылық ұжымдары қатысты: «Балауса» домбырашылар ансамблі, Италия, Түркия елінде өткен жас музыканттардың халықаралық конкурстарының жеңімпазы, педагог – Абикешева Райхан Ризабекқызы;Алматы қаласындағы № 12 Балалар музыка мектебі, «Балауса» әншілер ансамблі, жетекшісі – Масымходжаева Сания Ахметжановна, Алматы қаласындағы № 3 Оқушылар үйі;флейтистер ансамблі, жетекшісі –Доронина Нина Викторовна, концертмейстер Штоппель Оксана Николаевна, Алматы қаласындағы № 5 Балалар музыка мектебі; «Искер» ұлдар хоры, хормейстер Романов Сергей Иванович, концертмейстер Стрельцова Анастасия Викторовна, Алматы қаласындағы № 5 Балалар музыка мектебі.

Фестивальдың қатысушылары үшін Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясына танымдық экскурсия (сандық кешен, анимациялық студия, дыбыс жазу студиялары, үлбір өңдеу лабораториясы), белгілі актерлердің, режиссерлердің шеберлік сыныптары, шығармашылық кездесу, үздік кинофильмдердің сюжеттерін көрсету ұйымдастырылды.

Фестиваль қатысушыларға қызықты да күрделі кино өнерінің әлеміне бастар жолдың алғашқы баспалдағы болды, білім беру ұйымдарындағы түрлі балалар шығармашылық киностудиялардың ұжымдарын біріктірді, еліміздің жаңа буын өкілдері үшін маңызды ақпараттық алаң болды, болашақ мамандығын анықтауға ықпал етті.